

М.С. Құрманғалиева, Ж.У. Жолбаева

Қазақ ұлттық өнер университеті, Алматы, Қазақстан  
(E-mail: k.esbosynov@kstu.kz)

## Педагогикада музыкалық білім беруде жаңашылдық пен дәстүрлер проблемалары

Мақалада Мұхит Мералиев пен Ғарифолла Құрманғалиевтың мектебіндегі оқыту әдістемесінің өзіндік ерекшеліктері қарастырылған. Мұхит пен Ғарифолланың шығармашылықтарында музыкалық-ақындық формалар мен жанрлар, сонымен қатар оны композитор, ақын, орындаушы ретінде танытатын жеке жаңашылдық ізденістер кездесетіндігі талданды. Басты мақсат мақаладағы музыкалық-ақындық көркем шығарманың түрлі құралдарының пайда болу тарихына, сондай-ақ құрылымдық ұйымдастырудың әртүрлі деңгейдегі өлең, вокал, домбыра бастамаларының дамуына бағытталған. Мұхит пен Ғарифолланың Батыс Қазақстандағы ән өнері мектебіне ерекше еңбек сіңіріп, көптеген бағалы жұмыстар қалдырған шығармалары келтірілген. Негізгі үш компонентке: ақындық мазмұн, әуенділік және домбыра партияларының бір-бірін толықтыруына бағытталған шығармашылықтың құралдары көрсетілген. Мұндай үшбірліктік Батыс Қазақстан аймағының ән-аспаптарының тұтастығы туралы айтады. Музыкалық білім берудің негізгі қағидалары мазмұндалған. Негізгі бағыт музыкалық қызметтің әр түрлерін оқыту әдістемесі мен негізгі әдістемелік жүйелерін қамтыған.

*Кілт сөздер:* ән өнері, әншілік мектебі, мектепте оқыту әдістемесі, заманауи мектеп, өнер мамандықтары, оқыту әдістемесі, орындаушылардың әдістемесі, педагогика, сабақ, үрдіс, мектептегі оқу үрдісі.

Еліміз Тәуелсіздікке қол жеткізгелі бері, өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз қайта жанды. Төменде саясаттың салдарынан есімдері айтуға тыйым салынып келген бірқатар әншілердің өмір жолы және олардың шығармашылықтарына қатысты маңызды жайттың бірі бүгінде мұраларының басқа есімдерге телініп кетуі сияқты даулы мәселелердің туып отырғанына орай әндерінің тарихынан еңбегімізге қатысты деп саналатын тұстары ұсынылады. Заманауи мектепте оқыту үрдісін ұйымдастырудағы басымдылық жеке тұлғаның әлеуметтік қалыптасуына, оның өзін-өзі танытуына мүмкіндік туғызатын кәсіптік әлемнен орын алуына бағытталуы тиіс.

Ауызша кәсіби шығармашылықта орындаушыға үлкен талаптар қойылды. Ауызша кәсіби дәстүрде терең мағыналы атқарымдар бар екенін ұмытпауымыз керек. Мұнда кәсіби-діни, сиқырлы тамыр бар. Шартты белгі салу, қиындық, аллегориялық, шарттылық шығарма осы фактілермен түсіндіріледі.

Ән шығармашылығының сараптамасы — бұл Мұхиттың бізге айқын музыкалық-ақындық формаларының строфикалық (әндік) және автрофикалық (триадты) шығармашылық жолдың кезеңділігіне сәйкес сараптама түрі.

Альтерация әдістерін қашықтықта, атап айтқанда, домбыра партиясында тритон «фа-си бекар», ал әуенде «си бемоль» қолданған кезде торығу сезімі туындауы мүмкін. Сонымен қатар мұндай үйлесім шиеленістің жоғарғы нүктесі, кульминация, қайғылы күйдің ұйытқысы («Қара қаншық», «Зәуреш», «Дағанау») болуы мүмкін. Екі құрамның ұзақ дыбыстар мен бунақтардың соңындағы кварто-квинтті дайындықты лирикалық, батырлық және жауынгерлік бастамалар арасындағы дауды сипаттайтын арнайы әдіс деп қарастыруға болады. Домбыраның квартты құрылымы орта дәуір өміріндегі әндерге тән (этикофилософиялық тақырыптар), ал домбыраның квинтті құрылымы Мұхит-салдың алғашқы өмір дәуіріне сәйкес келеді.

Вокалды орындаушылар саласындағы ең негізгі компоненттері болып, көмей арқылы шамандық дыбыстардың шығуы, сонымен қатар лирикалық әндердегі артикуляциялық термелік ерекшеліктер, сондай-ақ Құранның оқылу элементтері есептеледі.

Жаңа музыкалық форманың пайда болуына өлең жолдарын жазу тәжірибесі негізге алынады. Қазақтың кәсіби ән тарихында үш бөлікті құрылым кездеседі, ол екінші қайырманьың алғашқысына қарағанда өзгеше болуымен, өлең жолдарымен ерекшеленеді.

Шығармашылығының алғашқы кезеңінің әндері бұл үлкен диапазондағы кантилена, ол тек дауысты ғана емес, батыс қазақстандық домбыра партиясындағы барлық пернелерін қамтиды. Өзінің әндік формасын құрғанда домбыра пішінінің канондық, музыкалық-стильдік әдістерге сүйенеді.

Шығармашылығының ортаңғы кезеңі тәжірибелікпен анықталады. Атап айтқанда, Мұхит тақпақпен өлең мен қайырманьң асинхрондылығын кеңінен әрі әртүрлі етіп пайдаланады, өз кезегінде олар қалыптастырушы әдіс ретінде қолданыла алады («Дүние-ау», «Үлкен айдай»).

Шығармашылығының үшінші кезеңі бұл өмірді философиялық тұрғыдан қарастырып, адам өлімі кезіндегі жоқтау музыкалық-ақындық құралдырының жиынын қолдану сол кезеңдегі негізгі лирикалық көңіл-күйді анықтайды. Әндер кең әуендік кантилениямен суреттеледі, ол, өз кезегінде, өмірді сабырлы түрде қабылдау, қайғының шексіз екендігін немесе жастықтың өтіп кетуі туралы өкініштер, уақыттың зымырап өтуі, орындалмаған мүмкіндіктер сынды философиялық ой елегінен өткізілген сезімдерді сипаттауға мүмкіндік береді.

Нотографика әдіснамасының мағынасын ашу дегеніміз — біздің тәжірибеміз арқылы Мұхиттың вокалды-аспаптық шығармаларының нотографикасын анықтау. Нотировка тональділігі — домбыраның «ре-соль» тізбегімен сәйкес болуы.

Қазақстандағы алғаш Мұхиттың домбыра сүйемелдеуімен орындалатын өлеңдерін түсіну тәжірибесі бірнеше қиыншылықтарды айқындады, олар жазбалардың кешенді метроритмикасының ұйымдастырылуымен байланысты болды. Метроритмикалық ноталық бекітудің басты қиыншылығы — әндік ритм (генезистегі өлеңдер) мен домбыралық-күйлік ритмнің (тек қана инструменталды) «қара қағыс», «түйдек қағыс», «іліме қағыс» штрихымен орындалуы [1, 2].

Мұхит мектебі орындаушыдан дауыс күшінің зор әрі диапазонының кеңдігін, күрделі әрі екпінді, төкпе күйлерде кездесетін қағыстары бар домбыра сүйемелімен үлкен шеберлікті талап етеді. Композитор әндерінің аспаптық сүйемеліндегі алуан түрлі қағыстар мен күрделі иірімдер оның дәулескер күйші болғандығынан хабар береді. Бұл жөнінде А.Жұбанов, оның Боғданың, Тазбаланың, Абыл-Қошқардың, Сәулебайдың күйлерін нақышына келтіріп, орындаушылардың бірі болғандығын және өзінің күй шығарғандығын да жазады. Демек, Мұхит әндерін домбырамен сүйемелдеп айту үшін әншіден, домбыраны күйшіден кем меңгермеу керектігі де талап етіледі.

Мұхит-салдың әндері Атырау, Маңғыстау, Орал, Ақтөбе жерінен бастау алып, Сыр мен Арқаға дейін қанатын жайған. Бұл мектептің басында Ғарифолла Құрманғалиев тұр, Ғарифолла Құрманғалиевпен үзеңгілес өнерпаз ретінде Әли Құрмановтың есімін құрметпен атай аламыз. Ғ.Құрманғалиев осы мектептің жеке арнаға айналып үлкен өнер саласы болуына көп тер төкті. Ғарифолла мектебінен шыққан оның шәкірттер саны 60-тан асып жығылады.

Ғ.Құрманғалиевтың класында әр өңірден келіп студент білім алған. Әрқайсысына жеке-дара тіл тапқан олардың географиялық қашықтығына да байланысты. 1965–1967 жылдары Республикалық эстрада цирк өнер студиясында Қ.Өтеғалиев, Ә.Еңкебаев, Н.Омарова, Қ.Бекбосынов, Ә.Ноғайбаев, Қ.Құлышова, Қ.Рахимова, Қ.Орашева, Ж.Сәрсенғалиев, Қ.Ақтаев, Б.Маханбетова және 1981–1983 жылдары С.Таудаева, Б.Сәрсенова, Т.Ерғалиев, Б.Сатыбалдин, М.Үшкемпіров, Ш.Мұхамедиярова, Б.Мұхамедиярова, Б.Ысқақова, С.Жанпейсова, М.Орашева, М.Біранов, К.Байгілеуова, Б.Картен, П.Құттымұратов, С.Рахметжанов, С.Әбдірахман және тағы басқалар білім алған.

Дарынды сазгер, әнші, ақын, күйші Мұхит Мерәліұлының шығармалары Батыс Қазақстанның музыкалық дәстүрінде өзінің сәтті сазын тауып, ерекше орынға ие болды. Мұхиттың шығармашылық өнерін сөз еткенде, белгілі өнер зерттеушісі А. Затаевич: «...қазақ әндері саласында Мұхит халық музыка элементтерінен өзіндік мағынасы бар ән мектебін құрды», — деп, дәл суреттеп жазған. Ал, ол Мұхиттың өзін «қазақтың Баяны» деп атап өтті.

Көбінесе лирикалық әуенде келетін Мұхит әндерінде адамның жан дүниесін, ой-арманын, махаббат сезімін суреттеу, табиғатты тамашалау, адамның жеке басына сүйсіну сезімдері мол бейнеленген. Оның «Айдай», «Бала Ораз», «Алуаш», «Иіс», «Зәуреш», «Айнамақоз» тағы басқа әндері халық арасына кең тарап, Біржан, Ақан, Мәди, Үкілі Ыбырай сияқты ірі әнші-композиторлардың белгілі шығармаларымен бірге халықтың жүрегін нұрға толтырып келеді.

Дәл мағлұмат белгі бос кеңістік береді, суырып салу, басқаша ойлау, дағдылану дәуіріне жаңа түр береді.

Орындаушылар арасындағы өзара алмасу орындаушылық қабілеті байи түседі. Олар мәтінмен бөліседі, артығырақ, сыйымды қамтуға тырысады. Өздерінің дауыстарын көрсетеді, виртуозды, ғибратты ойындарымен техникасын көріктендіреді.

Т.Әсемқұловтің сөзінше, Мұхит дәстүрінің өркендеуі Ғарифоллада тәмамдалды, оның талантының бір тамшыдайы ғана алынды, олардың біреуін де Ғарекендей өсіре алмадым, моншақтай төгілді.

Ғ.Құрманғалиевтың оқушылары оның бір немесе екі талантының қырын ғана көрсете алады. Осыдан ауызша кәсіби дәстүр мектеп ішінде табыстау проблемасы туындайды. Дәстүрлі мектеп орындаушылығының бар болуы оқушылардың шығармашылық шамасына байланысты, дәстүрлі жоғары кәсіби мектептер тірі жанды дауыс техникасына сүйенеді. Тірі жанды дауыс техникасы көптеген бірнеше буындарға бөлінеді, мұндағы басты қағида, музыкада және мәдениетте емес, ауызша кәсібилікте.

Фонографиялық тіркеуге (фиксацияға) тікелей сұрақ тұрған жоқ, тірі жанды дауыс техника өнері басты сәт құрылым шығарманы меңгеру, ерекше сәт мелодия, мағыналы жүк салмақ мәтінің меңгеру, техникамен қағыс ойнау, аспапты канон шығармасын білу, штрихт, артикуляциялық ерекшеліктер. Бұл талаптар — алғашқы дағдылардың бірі. Ғарифолла: «Батыстың әнін айту үшін, сол жердің қаны болу керек, ал Мұхиттың әнін айту үшін әнші болу аз, сол Мұхит туған жердің топырағынан нәр алу керек, тынбай іздену керек...», — деп үнемі айтып отырады екен.

Табыстау тәжірибесінде аса мағыналы ойын құрамдас есте сақтау, — бұлар музыка ритмикалық жадында сақтап қалу, есте сақтау, орындаушылық. Ойнаудағы есте сақтау, көзбен көру, музыка мінезін белгілеп қою, зияттық, өмір көзқарасындағы түсініктермен логикалық категориялар, музыка поэтикалық материалға қатысы бар шығарма құрылымы және орындаушылық техникасы.

Жинақтаудың бұл түрін бір шығарманы орындаудағы қиыншылығын іске асыруын, қабылдауын айтады. Қазірде аспаптық мәдениеттегі қазақтың ән дәстүрінде орындаушылар және тыңдаушылар болып бөлінеді.

Ұстаз шәкірт жүйесі жеке музыканттың біртұтас құрылу тәсілі деп ойлаймыз. Батыс Қазақстан жеріндегі Мұхит әндерімен сусындап өскен өзара байланыс әлі күнге дейін жалғасын табуда. Қазір олар тума-талант, табиғи музыкалық қабілеті, дауыс ерекшелігімен, аспапта ойнау шеберлігімен барша тыңдарманды баурайды.

Осы сәтте Исламғалиевтер отбасын айтуға болады. Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданында 11 бала Мұхит әндерін айтады. 19 жасар Армат 1995 жылы Республикалық конкурста Ғарифолла Құрманғалиев атындағы Бас жүлдені жеңіп алды. Армат жоғары дауысы бар және мутация болмаған дауысында оның жоғары тенор дауысы бары таң қалдырды. Қазіргі таңда Армат және басқа да жеткіншектер Орал қаласында Қ. Бердіғалиевтің класында оқиды.

Жоғарыда аталғандардан кейін Мұхит әндерін орындауда екі өлшем бар, оның шығармашылығын дұрыс түсіндіруде.

1. Құран оқуды білу Мұхит кезеңіндегі білімнің басты кадамды бөлімдерінің бірі болды. Мұхит өз орындауындағы әндерінде Құран айтудағы артикуляциялық үлгіге сүйенді. Мұхит мектебін жалғастырушы Ғарифоллада үнемі өзінің орындауында Құран оқу ерекшелігіне сүйенді, мысалы, айтылуы тенорлық дауыс, ашық және жабық буындар, дикция т.б.

2. Аспапты күйші дәрежесінде ойнау. Мұхиттың домбырада ойнау шеберлігі өте жоғары болған. Асқан домбырада ән ойнау шеберлігі мен күй тарту техникасының өзара байланысы көзге ерекше көрініп тұратын.

Мұхиттың ізбасарлары Шынтас, Шайхы, Ғұбайдуллалар да асқан шеберліктерімен танылған.

Ғарифолла да күйді шебер орындаған, бірақ ара-арасында. Өкінішке орай, бұл фактор қазіргі орындаушыларда ескерілмейді, мысалы, ауырсалмақтағы аспапта ойнау қағыс техника үрдісін жеңілдетеді.

Дәстүрлі сал атына Мұхит пен Ғарифолладан кейін ешкім ие емес. Арқа дәстүріндегі Сегіз аяқ, Құлагер, Ләйлім, Ақан сері, Жаяу Мұса, Біржан сал, Қорлан, Жанбота және т.б. секілді Ғарифолла да сал атағын өте жетік меңгерген.

Эстрада-цирк училищесіндегі Ғарифолланың сабақ беру үлгісі бір-бірін толықтырып, демократияшыл жағдайда өткен. Сол сабақ беру әдісін оның шәкірттері жалғастыруда, бірақ әзірге онша табысты емес. Сабақ беру әдісі былай жүрген: класта 10 адам жиналып, әрқайсысы ширекпен өз репертуарындағы әнін орындаған, қалғандары осы сәтте ән тыңдаған. Бір оқушыдан кейін ізін суытпай екінші оқушы жалғастырған. Бұл басқада ән болуы мүмкін. Кезекпен айтқан. Ғарифолланың әрқашанда өзінде күнделігі болған, онда ол талап-тілек, оқушылардың мінездемесін, дұрыс-дұрыс емес орындаудағы пікірлерін жазып отырған.

Өзінің ойын орындаудан кейін қайтадан орындатқан. Кейін келешекте немен жұмыс жасау керектігін түсінікті етіп айтып, сонымен бірге әннің шығу тарихы, дауыстың шығу әдісі жайлы пікір-таластар ұйымдастырып отырған.

Мұхит пен Ғарифолла класындағы ықпалы құрамдас аз емес болған, мысалы, сахнадағы жүріс пен әртістік этика. Оларға мына элементтер кіреді: мимика, ишаратпен ымдау, ойын т.б.

Ғарифолла әр ән орындауында театралдық іс-қимыл көрсететін болған, мысалы, көзбен тілдесу. Көрермендермен мимика арқылы түсінісу сал-серіге тән ажырағысыз қасиет болған.

Хабарлама көрнекті әнші, Қазақстанның халық әртісі, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының иегері, композитор Ғарифолла Құрманғалиевтың сабақ беру әдісінің қағидасымен тікелей байланысты болған. Ғарифолла Құрманғалиев 1934 жылы Алматыда өткен Бүкілқазақстандық халық өнерпаздарының І-слетіне қатысып, сол жерде Опера және балет театрына қабылданған. Ол Елемес, Сақан, Жарас, Шеге, Естай және Нарымбет образдарын шебер сомдады. Халықтың, әсіресе Мұхиттың әндерін нақышына келтіріп орындау арқылы бүкіл қазаққа танымал болды. Сондай-ақ өзі де әндер шығарды. Олар: «Ақжайық», «Сүйген жар», «Нұржамал», «Жан еркем», «Аққу», «Сүйемін, туған өлкем» т.б. Қазақ әндерін орындауда ешкімге ұқсамайтын мәндері бар біртуар дарын иесі Ғарифолла өнерпаз жастарды баулып, өзінің тамаша мектебін қалыптастырды, сөйтіп, ұлттық кәсіби ән өнеріміздің дамуына баға жетпес үлес қосты. Ұстаз өткен шақпен бүгінгі таңда өзінің оқушыларымен ауызша кәсіби мектепте табыстау мәліметтері өте қызықты болған.

Ғ.Құрманғалиевтың кластағы оқыту әдістемесі мына дәлелдеуге көзбен қабылдау, есту қабілетімен қабылдау, ауызша, тектілікке бағытталған.

Республикалық эстрада студиясында ұстаздық ете жүріп, талантты әншілердің бірнеше буынын тәрбиелеп шығарды. 1967 жылдан бастап өмірінің соңына дейін, 1993 жылға дейін, Республикалық өнер және цирк студиясында ұстаздық етті.

Қазақтың көптеген ақындары сияқты Мұхит та өзінің талантының жан-жақтылығымен ерекшеленеді. Мұхит әнші, композитор, сонымен қатар домбырашы ретінде де танымал. Оның осы қасиеттері А.В. Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әндері» жинағында жазылған. Ол Мұхит күйлерін жазған алғашқылардың бірі болды. Осының бәрі Мұхиттың домбыра музыкасына жетік екенін дәлелдейді. Ән, күймен қатар, Мұхит жақсы әңгімеші болды. Сонымен қатар сол кездегі зейінді жігіттердің ұстаған өнерінің бірі — ою оюды ды машық еткен. Мұхиттың оюын зер төгетін қыздар көш жерден келіп алып кетеді екен. Бейнелеу өнері дамымай қалған жұрнақтары болса да Ыждағатты түрде зерттеп жию керек. Мұхиттың әншілігі, күйшілігі күшті орындаушылығы, шығармашылық қабілеті, өрнек өнерін де күйттегені оның өмірі мен шығармасын зерттеушілерге үлкен міндет артады, жауапкершілік жүктейді.

Ол Боғда, Есбай, Абыл, Сәулебай күйлерін игеріп, өз жанынан да күй шығарған. Мұхиттың әншілік, күйшілік мұрасын біздің заманымызға жеткізген балалары Шоң, Нәу немесе Шайқы, Лұқпан, Ғұбайдолла Мұхитовтар мен Шынтас Қаратаев. Елуінші жылдардың ортасында Мұхит жөнінде Ж. Қосыбаев «Әнші Мұхит» атты кітап шығарды. Мұхиттың әншілік дәстүрін жалғастырып, халық арасына насихаттаушылар Ғ.Құрманғалиев, Т.Ибрагимова, Н.Әбілова, тағы басқалар болды. Мұхит жүректі тебіренер сыршыл әндерімен бүкіл қазақ даласына танылған аса ірі тұлға, ғажайып дарынды талант иесі.

Мұхит мұрасын жеткізгені ғана үшін, орындаушылық өнері бүкіл Қазақстанға үлгі болған, өнер тарихында өзіндік әншілік машығымен есімін мәңгі қалдырған асқан дарын иесі Ғарифолла Құрманғалиев ел ішінде «Екінші Мұхит» атанған адам.

Мұхит мектебі орындаушыдан дауыс күшінің зор әрі диапазонының кеңдігін, күрделі әрі екпінді, төкпе күйлерде кездесетін қағыстары бар домбыра сүйемелімен үлкен шеберлікті талап етеді. Композитор әндерінің аспаптық сүйемеліндегі алуан түрлі қағыстар мен күрделі иірімдер оның дәулескер күйші болғандығынан хабардар етеді. Бұл жөнінде А.Жұбанов оның Боғданың, Тазбаланың, Абыл-Қошқардың, Сәулебайдың күйлерін нақышына келтіріп, орындаушылардың бірі болғандығын және өзінің күй шығарғандығын да жазады. Демек, Мұхит әндерін домбырамен сүйемелдеп айту үшін әншіден домбыраны күйшіден кем меңгермеу керектігі де талап етіледі.

Өлкенің ән шығармашылығының қалыптасу мен даму бағытын анықтауда ондағы маңызды орынға ие М.Мералыұлы мұрасын түбегейлі зерттеп, жан-жақты саралап барып ғылыми негізді нәтижелерге қолжеткізуге болады.

Демек, зерттеуші ақын «екі стиль» аталған аймаққа ғана емес, Қазақстанның кәсіби әншілік мектептері бар басқа да өңірлеріне қатыстылығы бар: ауызша кәсіби дәстүр бар жерде әуесқойлық деп бөлінетін жалпылама, іштей әртүрлі деңгейге бөлінетін шартты категория міндетті түрде болады. Ал олардың арасындағы айырмашылықтар, ғалым айтқан дауыс мүмкіншілігі мен соған сәйкес репертуарымен анықталмақ. Дегенмен, соңғы жылдардың зерттеу нәтижесі бұл аймақта Қазан

төңкерісіне дейінгі кезеңде негізінен қалыптасқан кәсіби әншілік дәстүрдің болғандығын көрсетеді. Ол — өз ізбасарларымен жалғастығын тауып бүгінгімізге жетіп отырған Мұхит мектебі. Бұл өнерпаздардың шығармалары орындаушылық ерекшелігімен қоса арнайы игерілмей келді.

Жоғарыда айтылып өткендей, халық авторларының әндері олардың өз репертуарымен қатар, ел арасындағы қарапайым әнсүйерлер арқылы да фольклордың өз ішінде қайта интонацияланып, музыкатану мамандарына жетіп, хатталып отырды. Оны бір шығарманың біреше вариантта нотаға түсіп жариялануынан көруге болады. Мысалы, бұндай вариантты әндерді Мұхиттың мұрасынан кездестіреміз.

Қазіргі Мұхит және Ғарифолла мектептері ауызша дәстүрлі. Ұстаздан жоғары кәсіби білім талап етіледі. Бірақ Қатимолла мектебіне қарасақ, жоғары білімі болмай-ақ, алдыңғы қатарда нәтижелі тұр.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Жұбанов А. Замана бұлбұлдары / А. Жұбанов. — Алматы: Жазушы, 1975. — 463 б.
- 2 Құрманғалиева М. Мұхит-сал / М.Құрманғалиева. — Алматы: Дайк-пресс, 2005. — 222 б.

М.С. Курманғалиева, Ж.У. Жолбаева

### Проблемы традиции и новаторства в педагогике музыкального образования

В статье рассмотрены специфические особенности методики обучения школ Мухита и Гарифоллы. Проанализирована их деятельность; представлены музыкально-поэтические формы и жанры творчества. Показаны новаторские поиски как исполнителей, так и композиторов. Главное внимание в статье уделено истории возникновения различных средств музыкально-поэтического художественного произведения. Описан вклад в школу песенного искусства Западного Казахстана. Выделены музыкальные средства данного творчества, направленные на три основных компонента: поэтическое содержание, дополнение вида в плане мелодичности и партии домбры. Изложены основные принципы музыкального образования. Выделены основные методические системы обучения по разным видам музыкальной деятельности.

*Ключевые слова:* песенное искусство, песенная школа, методика преподавания в школе, современная школа, искусствоведческие специальности, методика преподавания, методика исполнителей, педагогика, урок, процесс, учебный процесс в школе.

M.S. Kurmangalieva, J.U. Zholbaeva

### Problems of traditions and innovations in the pedagogy of music education

The article considers specific features of the methodology of teaching school Mukhita and Garifolla. The works of Mukhit and Garifolla are analyzed, in which there are musical and poetic forms and genres, and also innovative searches as a performer, composer. The main attention in the article is devoted to the history of the emergence of various means of musical and poetic artistic work, as well as the development of initiative of different structural levels of the organizations of poems, vocal, dombra. It was describes the works of Mukhit Mergaliyev and Garifulla Kurmangaliyev, who made a special contribution to the art school of Western Kazakhstan and left many valuable works. The means of this creativity are allocated to three main components: the poetic content, the addition of each other melodiousness and the dombra party. Such tri-unity speaks about the integrity in the West Kazakhstan zone. Particular attention is paid to the main methodological system of teaching, to various types of musical activity.

*Keywords:* song art, singing school, methods of teaching at school, modern school, art history specialities, method of teaching, technique of performers, pedagogy, lesson, process, educational process at school.

#### References

- 1 Zhrbanov, A. (1975). *Zamana bulbuldary [Century Nightingale]*. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 2 Kurmangalieva, M. (2005). *Mukhit-sal [Muhit-Sal]*. Almaty: Daik-press [in Kazakh].